

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 19 наурыздағы N 233

Қазақстан Республикасының шетел кредиторлары алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ бұрын берілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 0000012 берілген мемлекеттік кепілдіктеріне және Әлембанк (бұрынғы Қазақсыртқыэкономбанк) арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федералдық Қаржы министрлігі арасындағы 1994 жылғы 19 желтоқсандағы келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (қосымша), сондай-ақ төлем жасалатын күнгі бағамдық айырманың өзгерістерін есепке ала отырып, есептелген айыппұлдар сомасын 1998 жылға арналған республикалық бюджетте "Өтеу шегерілген несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарын пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалануда тәртіп бұзушылық фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатымен материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға беретін
б о л с ы н .

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

бөлінген қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 1998 жылғы 19 наурыздағы
 N 233 қаулысына
 қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар
 мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу жөніндегі алдағы
 және мерзімі өткен төлемдердің

СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем жасау күні	Төлем сомасы
Австрия несие желісі			
"Фосфор" ӨБ	USD	30.03.98 ж.	55 381,26
Герман несие желісі			
Павлодартрактор	DM	01.03.98 ж.	4 766 836,86
Стройфарфор	DM	01.03.98 ж.	1 594 559,68
"Азат" концерні	DM	01.03.98 ж.	3 234 901,31
Чех несие желісі			
"Конденсат" АҚ	USD	30.03.98 ж.	1 975 665,50
Барлығы	USD		2 031 046,76
	DM		9 596 297,85

Заемшы ұйым	Негізгі борыш	Проценттер	Басқалары
-------------	---------------	------------	-----------

Австрия несие желісі				
"Фосфор" ӨБ	-	36 754,53	18 626,73	
Герман несие желісі				
Павлодартрактор	3 539 073,34	1 227 763,52	-	
Стройфарфор	1 358 854,96	235 704,72	-	
"Азат" концерні	2 567 000,00	667 901,31	-	
Чех несие желісі				
"Конденсат" АҚ	1 666 666,66	308 998,84	-	
Барлығы	1 666 666,66	345 753,37	18 626,76	
	7 464 928,30	2 131 369,55	-	